

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға (барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге) арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустың мөлшерін белгілеудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы<*> Ескерту: Бұйрықтың атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. ~V001286

Күшін жойған

Бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 жылғы 22 маусым N 315, Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 22 маусым N 1. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы N 12 және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы N 11 Бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.01.18 N 12 және ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2010.01.19 N 11 Бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығының 96-1-бабына сәйкес, бұйырамыз: 1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға (барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге) арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустың мөлшерін белгілеудің тәртібі туралы ережелер бекітілсін. Ескерту: Бұйрықтың атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші Инвестициялар жөніндегі вице-министрі агенттігінің төрағасы Қосымша Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Инвестициялар жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 22 маусым N 315 1999 жылғы 22 маусым N 1 бұйрығымен бекітілген бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын (барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге) пайдалануға арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін

бонустың мөлшерін белгілеудің тәртібі туралы ережелер Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 1. Осы Ережелер жер қойнауын (барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге) арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустың мөлшерін айқындаудың тәртібін белгілейді. Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының Z952235_ 96-1-бабына сәйкес жазылу жүргізілетін бонустардың бастапқы (алғашқы) мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган белгілейді не ол тендер өткізу ережелері б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі мен
Инвестициялар жөніндегі агенттігінің
2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170
бірлескен бұйртарымен. V001286_

3. Жазылу жүргізілетін бонустың түпкілікті мөлшері бастапқы мөлшерді ескере отырып, бірақ одан төмен емес, экономикалық құндылықты және учаскесін (блогын) жер қойнауын пайдалану үшін берілетін кен орнының экономикалық құндылығына тікелей немесе жанама әсер ететін басқа да факторларды (таулы-геологиялық, климаттық, инфрақұрылымның даму, лицензиялық қорлардың мөлшерлерін) ескере отырып, Салық сараптамасынан өткізген кезде жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер шеңберінде Келісімшартта б е л г і л е н е д і .

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі мен
Инвестициялар жөніндегі агенттігінің
2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170
бірлескен бұйртарымен. V001286_

4. Жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін белгілеу үшін Келісімшарттың түріне қарай мынадай әдіс қолданылады: 4.1. Барлауға арналған келісімшарттар үшін: а) тау-кен келісімшарттары үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 1000 (бір мың) АҚШ долларын құрайды; ә) мұнай, мұнайгаз және газ келісімшарттары үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 5000 (бес мың) АҚШ долларын құрайды; б) жер асты суларына арналған келісім-шарттар үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 200 (екі жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы тиіс.

Ескерту: 4.1-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 4.2. Барлауға және өндіруге арналған бірлескен келісімшарттар үшін: а) тау-кен келісімшарттары үшін: - егер қорлар Лицензияда белгіленбеген болса, жазылу бонусының ең аз мөлшері 1500 (бір мың бес жүз) АҚШ долларын құрайды; - егер қорлар Лицензияда белгіленген болса, онда: $(C \times 0,005\%) + (C_{п} \times 0,001\%)$, мұнда: C - лицензиялық қызмет кезеңінде түсетін қорлардың құны, C_п - санаттар бойынша күтіліп отырған (болжанып отырған) жиынтық қорлардың құны. Бұл ретте, жазылу бонусының ең аз мөлшері 1500 (бір мың бес жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы керек. ә) мұнай, мұнайгаз және газ келісімшарттары үшін:

- егер қорлар Лицензияда белгіленбеген болса, жазылу бонусының ең аз мөлшері 1500 (бір мың бес жүз) АҚШ долларын құрайды; - егер қорлар Лицензияда белгіленген болса, онда: $(C \times 0,01\%) + (C_{п} \times 0,002\%)$, мұнда: C - лицензиялық қызмет кезеңінде түсетін қорлардың құны, C_п - күтіліп отырған, болжанып отырған қорлардың және C2 санаты қорларының құны. Бұл ретте, жазылу бонусының ең аз мөлшері 7500 (жеті мың бес жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы керек. б) жер асты суларына арналған келісім-шарттар үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 400 (төрт жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы тиіс. Ескерту: 4.2-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 4.3. Өндіруге арналған келісімшарттар үшін: а) көп кездесетін пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды қоспағанда, тау-кен келісімшарттары үшін: $C \times K$, мұнда: C - лицензиялық қызмет кезеңінде түсетін қорлардың құны, K - ең аз мөлшері 0,01%-ті құрайтын проценттік мағына. Жазылу бонусының ең аз мөлшері 1500 (бір мың бес жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы керек. ә) Мұнай, мұнайгаз және газ келісімшарттары үшін: $C \times K$, мұнда: C - лицензиялық қызмет кезеңінде түсетін қорлардың құны, K - ең аз мөлшері 0,02%-ті құрайтын проценттік мағына. Жазылу бонусының ең аз мөлшері 7500 (жеті мың бес жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы керек. Ескерту: 4.3-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_

4.4. Жер асты суларын өндіруге және техногендік пайда болуларды ұқсатуға арналған келісімшарттар үшін жазылу жүргізілетін бонус 1000 (бір мың) АҚШ долларынан кем емес мөлшерде белгіленеді. Ескерту: 4.4-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 5. Осы Ережелерге сәйкес есептелген жазылу жүргізілетін бонустың мөлшері

келіссөздер барысында қайта қаралуы мүмкін, бірақ белгіленген бастапқы мөлшерден төмен болмауы тиіс. Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі мен Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448, N 0-1/170 бірлескен бұйртарымен. V001286_ 6. Үкіметтің немесе Құзыретті органның шешімдері негізінде жазылу жүргізілетін бонустардың өзге де бастапқы мөлшерлері белгіленуі мүмкін. Оқығандар:
У м б е т о в а А . М . Н а р б а е в Е . А .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК